

Теміртау қаласы ББ «№12 ЖББМ» КММ
Төтенше жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық бойынша оқу-жаттығулар
эвакуациясы бойынша өткізілген іс-шаралар есебі

Оқушылардың, оқытушылардың және мектеп қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бекітілген 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары бойынша қыркүйек айында 1 рет эвакуациялық жаттығуға арналған оқу өткізілді.

1. 11.09.2024 жылы мектепте эвакуациялық жаттығу өткізілді.

Жаттығу мақсаты:

1. Оқушылардың, мектеп ұжымының және қызметкерлердің төтенше жағдайлар кезінде психологиялық ұстамдылығын дамыту.

2. Төтенше жағдайлар кезінде болатын іс-қимылдарға іс жүзінде үйрету, ғимараттан қауіпсіз түрде сыртқа шығару.

Жаттығуға қатысқандар:

1. Қызметкерлер-30

2. Оқушылар-318

Эвакуациялық жаттығу кезінде төмендегі негізгі жұмыстар атқарылды.

1. Білім беретін мектептегі қызметкерлердің төтенше жағдай кезіндегі іс-қимылдары.

2. Мекеме ғимаратынан төтенше жағдай орын алғанғанда берілетін дабыл қоңырауы арқылы оқушылар мен қызметкерлер ғимараттан алыс жерге белгіленген орынға сапқа тұрғызылды. Кезекшілікке бекітілген мұғалімдер қабаттарда оқушылардың қалмағанына бақылау жасады. Эвакуацияға қатысқан мектеп қызметкерлері мен оқушылар тексерілді.

Эвакуациялық жаттығуы іс жүзінде өткізілді.

2.13.09.2024 жылы Теміртау қаласы ББ «№12 ЖББМ» КММ де төтенше жағдайдың алдын алу эвакуациялық дайындық жаттығуы өткізілді.

Кезекші мұғалімдер тағайындалып, сол жақ, оң жақ қосалқы есік және ең басты есіктен мектеп қызметкерлермен оқушыларын қауіпсіз алаңына толық 3 минут 5 секундта ғимараттан шығарылғандығы анықталынды.

Төтенше жағдайлар туындаған кездегі педагогикалық құрам мен оқушылардың тәртібі мен іс-әрекеті бойынша эвакуация кестесі жасалынды. Кезекші әкімшіліктер мектептің ең басты шығу есігінен Кобенова А.Е., Хапура Н. сол жақ қосалқы есік жақтағы алаңға Оралбаева М.З., ал оң жақ қосалқы есік жақтағы алаңға Бапина А.А. тағайындалды.

Рапорт берген мұғалімдер сыныпта қанша оқушы отырғаны жайында ақпарат берді.

Оқушылар мен мектеп ұжымы және тех.персоналдардың төтенше жағдай кезінде тыңғылықты дайын екендіктері анық болды.

Бұл оқу жаттығулардың мақсаты мен міндетері жайында мектебіміздің АӨТД пәні мұғалімі Хапура Н түсіндірме жұмыстарын жүргізді.


Ұсыныс: оқушылармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ұйымшылдықпен уақытты үнемдеп тез шығу жолдарын үйрету.



https://www.instagram.com/p/C_xLH1zu6jk/?igsh=ZmFmcnJxMHRtOThv

https://www.instagram.com/p/C_xl8UeuZ_v/?igsh=MXBxbDUwa3YycmdzdQ==





Теміртау қаласы ББ «№12 ЖББМ»КММ директоры *Ж.С.Ташанова* Ж.С.Ташанова

Орындаған: Директордың ҚТДЖ орынбасарының м.а Оралбаева М.З.

